

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

11 жасар тележүргізуші қыз

ЖАРИЯЛАНДЫ
24.04.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/152546/

Журналистика- ізденісті талап ететін, қайсарлық мінез керек мамандық. Сұраныс жоғары, бірақ екінің бірі жете алмайтын мамандық көзі. Тіліннің таза, сауатты, сөзі салмақты журналисттің жұмысы мен еңбегі қашан да жоғары бағаланады. Ал бұл салаға түсетін жастардың көбі тележүргізуші болуды таңдайды екен. Себебі, олар танымал адамдардан сұхбат алып, халыққа қоғамда болып жатқан жаңалықтарды жеткізуді армандайды. Олардың қатарында өзім де бармын. Сол себепті өзімнің 5 жыл бұрынғы тележүргізуші болған тәжірибеммен бөлісе кетейін.

Мен 2018 жылы Mangystau.tv арнасында «Балдырған» атты бағдарламаны үзбей көретінмін. Ол жердегі тележүргізушілер көрермендерге белгілі бір ертегіні жасырған еді. Мен ол бағдарламаны қызығып қарап отырып, жасырған ертегінің дұрыс жауабын айтқан болатынмын. Кейін, менің жауабым дұрыс болып, олар мені өз бағдарламасына қонаққа шақырды. Сөйтіп, келесі күні Ақтау қаласының сағатымен түскі 12:00-де тікелей эфирде өз сұхбатымды берген едім. Сонымен қатар, жүргізушілермен әңгімеміз жарасқаны соншалықты, маған олар бағдарламаны бірге жүргізуге ұсыныс тастаған болатын. Мен қуана-қуана ұсыныстарын қабылдадым. Солай шілденің 3-і күні, Аделия өзінің тележүргізуші ретіндегі ең алғаш жобасын бастаған еді. Шынайы камера, суфлер, грим, микрофон, студия және теледидардан көріп жүрген тележүргізушілер тура жанымда болды. Өте қызық сезім екен. Тікелей эфир ойдағыдай өтуі үшін, студиядағы әрбір адамның тыңбай еңбек еткенін өз көзіммен көрген болатынмын. Бір түсінгенім, жауапкершілігі мол жұмыс екен. Біріншіден, сөзіңді қайталап, өзіңді тексеруің қажет. Одан соң, камераға бойыңды үйретуді де ұмытпауымыз керек. Сонымен қатар, техникалық ақаусыз эфир өте сирек кездеседі. Егер де техникалық ақаулар болған жағдай да тығырықтан шығар жолды сценарийден бөлек өзің ойлап табуың тиіс. Яғни, телекөрермендерге ештеңе білдіртпей, әрі қарай емін-еркін жобанды жалғастыруың қажет.

Кез-келген бағдарламаның атқарар өз жауапкершілігі мен артар жүгі бар. Мыңдаған көрермендер назар салып, көз тіккен соң, тележүргізушінің алдында мол жауапкершілік тұрады. Сондықтан тележүргізушінің жұмысының қиындығы мен қызығы қатар жүреді.

Эфир кезінде жұмыс істеушілерден ұстамдылық пен сабырлықты талап етеді. Дегенмен, эфирді ойдағыдай алып шығу оңайға соқпайды. Сол себепті, ең алдымен тележүргізуші өзін-өзі ұстай білуі қажет. Әсіресе адамның өзін-өзі тәрбиелеуі, жетілдіруі ең алдымен тележүргізушіге қажет міндет екен.

Амантайқызы Аделия

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.